


Математика *1 - сынып*

Момбекова Шырын Сәбитқызы

- Алматы «Атамұра» 2012

Сабақтың тақырыбы:

Ондықтарды салыстыру






Сабақтың мақсаттары:

1. Білімділік: ондықтарды салыстыруды меңгерту. Толық ондықтарды қосып, азайтуға төселдіру.

2. Дамытушылық: оқу әрекеті кезінде оқушылардың өз бетімен тапсырманы орындау дағдысын қалыптастыру.

Логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдық белсенділіктерін арттыру.

3. Тәрбиелік: пәнге деген қызығушылығын арттыру. өзін - өзін басқаруға, ұйымшылдыққа және дәлдікке тәрбелеу.



Сабақ түрі: ізденіс сабағы

Сабақ типі: аралас сабақ

Сабақ көрнекілігі: интерактивтік тақта, кесте, қима қағаздар, суреттер.



Сабақтың барысы:



1. Ұйымдастыру.

Бүгінгі сабағымызды іздену түрінде өткіземіз.
Жұптық жұмыстар орындай отырып, өзіндік жұмыстар арқылы ондықтарды атауды, жазуды, салыстыруды, есеп шығаруды меңгереміз.

Психологиялық даярлық

Бір-біріне сәттілік тілеу:

Қайырлы таң, досым,

Қайырлы күн болсын.

Бүгінгі бейсенбі күні,

Сәттілікке толсын.

Біздің алар бағамыз,

Кілең бестіктер болсын!

ШЕШІЛУІ ТИІС МӘСЕЛЕ ҚОЮ:

1. Қандай сандарды натурал сандар деп атайды ?
2. Натурал емес бір таңбалы сан бар ма?
3. Ондық натурал сандарды ата ?
4. Заттарды бір-біріне біріктіргенде қандай амал қолданамыз?
5. Заттарды бөліп алуда қандай амал қолданамыз?
6. 5 ондықта неше бірлік бар?
7. 1дм-де қанша см бар?
8. Теңдеу дегеніміз не?

Ойна да ойла!

Кеспе карточкалардан ондықтарды сандарды құрастыру.

Мысалы: 4 ондық – бұл 40

5 ондық – бұл 50





Жаңа сабақ



Бағдарлау - мотивациялық кезең.

Бүгінгі сабағымызда «Толық ондықтарды салыстырамыз» Ол үшін алдымен төмендегі кестені толтырайық.

Сан	Ондық	Бірлік
10		
20		
30		
40		
50		
60		
70		
80		
90		

□ Бағдарлау - мотивациялық кезең.

Бүгінгі сабағымызда «Толық ондықтарды салыстырамыз»
Ол үшін алдымен төмендегі кестені толтырайық.

Сан	Ондық	Бірлік
10	1	0
20	2	0
30	3	0
40	4	0
50	5	0
60	6	0
70	7	0
80	8	0
90	9	0

Операциялық - орындаушылық кезең.

Оқулықпен жұмыс:

№1. Оқы:

10 20 30 40 50 60 70 80 90

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Екі қатардағы сандарды
салыстыр.



№2 Салыстыр:

$2 * 3$

$8 * 5$

$6 * 6$

$20 * 30$

$80 * 50$

$60 * 60$

$2 \text{ см} * 3 \text{ см}$

$8 \text{ см} * 5 \text{ см}$

$60 \text{ см} * 6 \text{ дм}$

$2 \text{ дм} * 3 \text{ дм}$

$80 \text{ см} * 50 \text{ см}$

$0 \text{ см} * 1 \text{ дм}$

$8 \text{ дм} * 6 \text{ дм}$

$20 \text{ см} * 2 \text{ дм}$

$5 \text{ см} * 9 \text{ см}$



Теңсіздіктерге қарай отырып,
ереже қорыту.

Толық ондықтарды салыстыру
үшін алдымен бірліктерін
салыстырамыз.





Сергіту сәті.

Бойды сергек тік ұста,
Емін – еркін тыныста.
Оң қолынды соз алға,
Қол ұшына қара да
Үшбұрыш сыз ауада.
Сол қол қарап тұрмасын,
Шеңбер сызып зырласын.



Есепті шығар:

$30 - 10 = 20$ өрнегі бойынша шығару үшін мына есептерде нені өзгерту керек?

а) 1-ші-30 $\left. \begin{array}{l} > \\ > \end{array} \right\} ?$
2-ші-10

ә) 1-ші-30

2-ші-? 10 көшет артық - ? көшет отырғызылды

б) 1-ші-10 көшет \downarrow ? көшет артық

2-ші-30 көшет

***№3**



30



10

$30 - 10 = 20$ өрнегі бойынша шығару үшін
мына есептерде нені өзгерту керек?

а) 1-ші жүйекте - 30 көшет ↓ ? кем
2-ші жүйекте - 10 көшет

Шешуі: $30 - 10 = 20$ (к)

Жауабы: 20 к



Сергіту сәті



Біздер бүгін баламыз,
Өсіп алға барамыз.
2050 жылдары
Біз де азамат боламыз.

«Кім тапқыр?» ойыны



Өзіндік жұмыс:

$8 + 1$

$9 - 1$

$6 + 1$

$8\text{онд.} + 1\text{онд.}$

$9\text{онд.} - 1\text{онд.}$

$6\text{онд.} + 1\text{онд.}$

$80 + 10$

$90 - 10$

$60 + 10$

$8\text{см} + 1\text{см}$

$9\text{см} - 1\text{см}$

$6\text{см} + 1\text{см}$

$8\text{дм} + 1\text{дм}$

$9\text{дм} - 1\text{дм}$

$6\text{дм} + 1\text{дм}$

«Кім білгір?» бөлімі

1 - жұп тапсырмасы:

Өрнектердің мәнін тап.

$$10+20= \quad 80 - 20=$$

$$30+40= \quad 70 - 50=$$

2 - жұп тапсырмасы:

Аяқтап жаз.

40 -... ондық

80 -... ондық

20 -... ондық

90 -... ондық

3 - жұп тапсырмасы:

$$5 \text{ онд.} + 2 \text{ онд.} = \square \text{ онд.}$$

$$50 + 20 =$$

$$7 \text{ онд.} - 3 \text{ онд.} = \square \text{ онд}$$

$$70 - 30 =$$

$$6 \text{ онд.} + 1 \text{ онд.} = \square \text{ онд.}$$

$$60 + 10 =$$

4 - жұп тапсырмасы:

Салыстыр.

$$5 \text{ дм} * 6 \text{ см}$$


$$10 \text{ см} * 2 \text{ дм}$$


$$9 \text{ см} * 2 \text{ дм}$$

$$6 \text{ см} * 7 \text{ дм}$$







Математикалық тізбек


$$4 + 6 - 1 - 3 + 2 - 6 + 3 - 5 + 4 = \text{?}$$





$$10 - 6 + 3 - 5 - 1 + 7 - 4 + 2 - 3 = \text{?}$$

Шығармашылық тапсырма

Қандай сурет болуға тиіс?



?



Сабақты қорытындылау.

Рефлексия.


Маған қызықты болғаны...

Маған қиындық туғызғаны...

Мен түсіндім, сонда...



-
- Үйге тапсырма: №2 (3) 176 бет
 - Бағалау.



Аспанымыз ашық болсын,
Түніміз тыныш болсын.
Ауамыз таза болсын,
Суымыз мөлдір болсын.
Аман сау болайық!